

«BASEL» Сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар Кеңесімен
БЕКІТІЛДІ
2021 Ж. «10» ақпандағы хаттама

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ
ӨЗГЕ ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАРЫНАН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы, 2021 ж.

МАЗМҰНЫ:

- 1 Жалпы ережелер
- 2 Сақтандыру объектісі
- 3 Сақтандыру жағдайы
- 4 Сақтандыру жағдайларынан шығару және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
- 5 Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
- 6 Сақтандыру сыйлықақыларын анықтау тәртібі
- 7 Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
- 8 Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі және орны
- 9 Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 10 Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының әрекеттері
- 11 Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау кезінде қажетті құжаттар
- 12 Сақтандыру төлемін жасау тәртібі және ережесі
- 13 Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімі
- 14 Қосарлы сақтандыру
- 15 Суброгация
- 16 Сақтандыру шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
- 17 Сақтандыру шартын тоқтату ережелері
- 18 Тараптардың жауапкершілігі
- 19 Дәуларды шешу тәртібі
- 20 Қорытынды ережелер

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.2. Осы Өзге қаржы шығындарынан ерікті сақтандыру ережелері (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 ж. 18 желтоқсандағы № 126-II Заңына және сақтандыру саласында туындайтын, оны өткізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейтін, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес дайындалды.

1.3. Сақтандыруға Сақтанушының құқыққа қарсы мүдделері жатпайды.

1.4. Осы Ережелерде қолданылатын басты ұғымдар.

Шарт – бір тарап (Сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал басқа тарап сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін шартпен белгіленген сомада (сақтандыру сомасы) жасауға міндеттенетін шарт;

Сақтандырушы – «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ;

Сақтанушы – Сақтандырушымен Шартты жасасқан жеке немесе заңды тұлға;
Пайда алушы – сақтандыру қызметі туралы заңнамаға сәйкес Сақтанушы болып табылады;

Сақтандыру қорғанысының мерзімі – сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушыда сақтандыру төлемдерін жасау міндеті пайда болатын уақыт мерзімі;

Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған, және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының шекті жауапкершілік көлемі болып табылатын ақша сомасы;

Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысы Шартпен белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндеттенетін ақша сомасы;

Сақтандыру жағдайы – орын алғанда Сақтандырушының Сақтанушыға (Пайда алушыға) немесе пайдасына Шарт жасалған өзге тұлғаға сақтандыру төлемін жасау міндеті пайда болатын осы Ережелерде және/немесе Шартта көзделген орын алған оқиға;

Сақтандыру төлемі – Сақтандырушымен Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақша сомасы;

Сақтандыру аумағы – Шарт бойынша Сақтандырушының сақтандыру қорғанысы таралатын аумақ.

Франшиза – сақтандыру жағдайымен көзделген сақтандыру шарты бойынша белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемінен Сақтандырушыны босату. Франшиза шартты (шегерілетін) және шартсыз (шегерілмейтін) болады. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын сақтандыру төлемінен босатылады, бірақ осы сомадан артық залалды өтеуі тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сомадан шегеріліп өтеледі.

Суброгация – сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға Сақтанушыға (Сақтандырылғанға) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемеқыны келтірілген залал мөлшерінде талап ету құқығының ауысуы.

Аджастер – қызметіне сақтандыру төлемі бойынша өтінішті және сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды бағалау кіретін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе тәуелсіз бағалаушы компанияның қызметкері.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ

- 2.1. Өзге қаржы шығындарынан сақтандыру объектісі Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметін атқару нәтижесінде жұмысын жоғалтудан, кірісін жоғалтудан орын алған шығындарын және басқа шығындарын өтеу міндетіне байланысты мүлктік мүддесі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыруға Сақтанушымен қаржы-шаруашылық қызмет атқару кезінде Сақтанушының еркінен тыс жағдайлардан Сақтанушының контрагенттерімен өз міндеттемелерін бұзғандықтан немесе осы қызмет шарттарын өзгерткендіктен туындайтын өзге қаржы шығындар тәуекелдері жатады.
- 3.2. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыру жағдайларына, нәтижесінде Сақтанушыға Шарттың әрекет ету мерзімінде шығын келтірілген келесі оқиғалар қоса, бірақ шектелмей жатады:
- 1) Жұмысты жоғалту нәтижесіндегі Сақтанушының шығындары;
 - 2) Кірісті жоғалту нәтижесіндегі Сақтанушының шығындары;
 - 3) Инфляциялық тәуекелдер нәтижесіндегі Сақтанушының шығындары;
 - 4) Қаржы-шаруашылық қызметті атқару кезінде шетел валюталарының бағамдары өзгеру нәтижесіндегі Сақтанушының шығындары.
- 3.3. Келесі сақтандырылмайды:
- 1) Құқыққа қарсы мүдделер;
 - 2) Кепілгерлерді босату мақсатында тұлға жасауға мәжбүр болған шығындар;
 - 3) Ойындарға, потеряларға және бас тігуге қатысу кезіндегі шығындар.
- 3.4. Шарт ережелерімен Шартта өзгешілік (шектеулер) деп көрсетілген жағдайлардан басқа сақтандыру нәтижесінде туындаған Сақтанушының шығындары үшін Сақтандырушының жауапкершілігі көзделуі мүмкін.
- 3.5. Сақтанушы Шартты жасасу кезінде барлық жоғарыда аталған жағдайлардан, сондай-ақ жеке тәуекелдерден немесе олардың бөліктерінен (мысалы, жұмысты жоғалту нәтижесіндегі шығын жағдайына ғана және т.с.с.) сақтандырыла алады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 4.1. Сақтандырушы сақтандыру жағдайынан босатылады, егер сақтандыру жағдайы келесінің салдарынан орын алса:
- 1) Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті заһал әсерінен, химиялық немесе бактереологиялық әсерден және/немесе уланудан;
 - 2) кез келген әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, кез келген халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік, көтерілістер, локауттар және олардың салдары; террористік актілер, тартып алу, тәркілеу, реквизициялар, тұтқындау, азаматтық немесе әскери билік үкім бойынша мүлкті жою немесе зақымдау, мәжбүрлі ұлттандыру, төтенше немесе ерекше жағдай енгізу;
 - 3) сақтандыру жағдайының орын алуына бағытталған Сақтанушының қасақана әрекеттері (әрекетсіздігі);
 - 4) заңнамаға шарттың (келісімшарттың) сәйкессіздігі;
 - 5) дебитор елінен немесе төлем жасалатын елден ақшалай аударымдарға тыйым салу немесе шектеу, мораторий енгізу, валюталардың ауыспауы;

- 6) халықаралық келісімдерге сәйкес қарызды жою немесе қарызды өтеу мерзімдерін ауыстыру;
 - 7) импорттық (экспорттық) лицензияны жою, импортқа (экспортқа) эмбарго енгізу;
 - 8) Сақтанушымен контрагент алдында өз міндеттемелерін орындамау (тиісті орындамау);
 - 9) Сақтанушымен қажетті құжаттарды ұсынбау (тауар сүйемелдеу құжаты, тауарларды шығаруға немесе жеткізуге рұқсат, лицензия және басқа);
 - 10) Сақтанушы контрагентімен шарт бойынша міндеттемелерін қасақана орындамау, сот шешімімен расталған.
- 4.2. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы келісім бойынша осы Ережелердегі 4.1-тармақтың 5) – 10) тармақшаларында аталған жағдайлар сақтандыруға қабылданатын төуекелдер санына кіруі мүмкін. Бұл жағдайда осы ерекше жағдайлар Шартта көрсетілуі тиіс.
- 4.3. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе Сақтандырушы Шарт бойынша келесі үшін жауапкершілік артпайды:
- ✓ Шартпен көзделген өтеу көлемдері мен сомаларынан тыс залалды өтеу туралы көз келген талаптар;
 - ✓ Сақтандыру аумағынан тыс келтірілген залалды өтеу туралы талаптар;
 - ✓ Моральдік залал және жоғалтып алған пайда;
 - ✓ Айыппұлдар, өсімақылар және (немесе) кез келген басқа да өкімшілік өтемдер мен санкциялар.
- 4.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту үшін негіз болып табылады:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға хабарлаған сақтандыру объектісі, сақтандыру төуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы жалған мәліметтер;
 - 2) Сақтанушымен сақтандыру жағдайының шығындарын азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы;
 - 3) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайын және онымен келтірілген залал мөлшерін белгілеуді зерттеуге кедергі келтіруі;
 - 4) Егер сақтандыру жағдайы орын алғанда Шарт күшіне енбесе немесе күшін жойса;
 - 5) Егер сақтандыру жағдайының орын алуына келтірген оқиғалардың себептері құзыретті органдарда (ІІМ органдары, өртке қарсы қызмет және т.б.) құжаттай бекітілмесе.
- 4.5. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуы үшін келесі негіз болады:
- 1) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайының орын алуына келтіруі мүмкін оқиғалар) туралы осы Ережелердегі 10.1-тармақтың үшінші абзацында, 9.4-тармағының 5-тармақшасында және Шарттың сәйкес тармақтарымен көзделген мерзімде хабарламау / уақытылы хабарламау.
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының орын алғаны үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығынан бас тартуы, сонымен қатар Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жасалған босла Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
 - 3) Сақтанушымен осы Ережелерде және Шартта аталған ережелер мен шектеулерді сақтамауы.

- 4.6. Шарт ережелерімен сақтандыру төлемінен бас тарту үшін басқа да негіздер көзделуі мүмкін, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы болмаса.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасауға міндеттенетін сақтандыру сомасы Сақтанушының Сақтандырушымен жасайтын келісіммен анықталады.
- 5.2. Шарттарды жасасқан кезде франшиза белгіленуі мүмкін. Тараптардың келісімі бойынша франшиза сақтандыру сомасының пайызымен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді. Франшизаның түрі мен мөлшері Шартта көрсетіледі.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісінің сипаттамасы, өтелетін тәуекелдер тізімі, франшиза деңгейі мен тәуекел дәрежесіне әсер ететін басқа факторлар негізінде анықталады. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу ұлттық валютада – Қазақстан Республикасының теңгесімен жасалады. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасында есеп айырысу жағдайлары, тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен анықталады.
- 6.2. Шартпен сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Шартпен әр объект және әр сақтандыру тәуекелі бойынша, сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне орай сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді.
- 6.3. Сақтандырушы төлеуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтау кезінде тәуекел факторларына байланысты анықталатын базалық сақтандыру тарифтеріне арттыратын және төмендететін коэффициенттерді қолдануға құқылы.
- 6.4. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушымен бір уақытта немесе бөліп төлегенде мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде қолма қол ақшалай немесе қолма қол ақшасыз түрінде төлеуге жатады.
- 6.5. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру шартын Шартпен белгіленген мерзімде төлемей Шарттың әрекетін автоматты түрде тоқтатуға және Шарт бойынша сақтандыру қорғанысының тоқтауына (тараптарға хабарлаусыз) келтіреді, егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе. Шарттың және Шарт бойынша сақтандыру қорғанысының әрекеті сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) төленуі тиіс күннен кейінгі күннен бастап тоқтатылады. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының төленген бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды. Шарттың әрекеті және Шарт бойынша сақтандыру қорғанысы тоқтаған мерзімде орын алған сақтандыру жағдайының орын алуына келтірген және/немесе сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалар сақтандыру жағдайлары деп танылмайды және олар бойынша сақтандыру төлемі жасалмайды.
- 6.6. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімге көшіктіру Шартты автоматты түрде бұзады (тараптарға хабарлаусыз). Сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) төленуі тиіс күннен кейін 30 (отыз) күн өткеннен кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының төленген бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды.

7. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Шарт жазбаша түрде тараптармен Шартты жасасу және/немесе Сақтанушының осы Ережелерге тіркеу, және Сақтандырушымен Сақтанушыға сақтандыру полисін беру жолымен жазбаша түрде жасалады.
- 7.2. Шарт субъектісі болып келесі тұлғалар қатысады: Сақтандырушы, Сақтанушы (Пайда алушы).
- 7.3. Шарт Сақтандырушымен белгіленген нысанда, Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылатын сақтанушының өтініші негізінде жасалады.
- 7.4. Сақтандырушы Сақтанушының қызметімен танысуға құқылы, сонымен қатар Сақтанушыдан тәуекел дәрежесін бағалау үшін айтарлықтай маңызы болуы мүмкін құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы. Шартты жасасқаннан кейін жоғарыда аталған құжаттар Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады.
- 7.5. Сақтандырушы Сақтанушымен себептерді дәлелдеусіз Шарт жасасудан бас тартуға құқылы.
- 7.6. Шартты жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға оған белгілі барлық, сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын анықтау және оның орын алуынан мүмкін болатын шығындар мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау үшін маңызы бар мән-жайларды хабарлауға міндетті. Сақтанушы онымен ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік артады.
- 7.7. Шартты жасасқаннан кейін Сақтанушының тәуекел дәрежесін арттыратын әрекеттерді қабылдауға құқығы жоқ.
- 7.8. Шарттың әрекет ету мерзімінде Сақтанушы Сақтандырушыға Шартты жасасу кезінде хабарлаған мән-жайлардың айтарлықтай өзгерістері туралы шұғыл хабарлауға міндетті, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына айтарлықтай әсер етсе.
- 7.9. Барлық жағдайда да Шартта аталған өзгерістер және Сақтанушыға осы Ережелердің берілген көшірмелері маңызды деп танылады. Сақтанушы Сақтандырушыға залалдың өтелуге не өтелмеуге жататынына қарамастан қажетті ақпаратты хабарлауға міндетті.
- 7.10. Сақтандыру тәуекелінің артуына келтіретін мән-жайлар туралы хабарланған Сақтандырушы Шарт ережелерін өзгертуді талап етуге немесе осы атуға мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы Шарт ережелерін өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы осы Ережелердің шарттарымен көзделген тәртіпте Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
- 7.11. Сақтандырушы Шарттың әрекет ету мерзімінде Сақтанушымен хабарланатын мәліметтердің дұрыстығын тексеруге, сонымен қатар сақтандыру тәуекелінің жағдайын тексеруге құқылы.
- 7.12. Шартқа көрсетуге жататын мән-жайлардың толық еместігі үшін Сақтандырушы жауапкершілік артады. Шарт бойынша оның жеке ережелерінің толық еместігі салдарынан дау туындаған жағдайда дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 7.13. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе, Шарт жойылған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Шарттың телнұсқасын береді, содан кейін жойылған Шарт жарамсыз болып табылады және ол бойынша төлемдер жасалмайды. Шарт әрекет ету кезінде қайта жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыдан Шарттың телнұсқасын дайындау құнының мөлшерінде ақша сомасын өтейді.

8. ШАРТТЫҢ ӨРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 8.1. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе, Шарт күшіне енеді және Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп төлеген кезде – алғашқы сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап тараптар үшін міндетті болып табылады.
- 8.2. Шарт кез келген мерзімге жасалуы мүмкін. Сақтандыру қорғанысы әрекет ететін мерзім Шарттың әрекет ету мерзімімен бірдей болады, егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе.
- 8.3. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе сақтандыру қорғанысы сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушыдан Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына, ал оны бөліп төлегенде – алғашқы сақтандыру жарнасы түскен күннен кейінгі күннің 00 сағатынан басталады.
- 8.4. Сақтандырушы Сақтанушыға Шарт бойынша сақтандыру қорғанысының әрекет етуі басталғанға дейін орын алған сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалды өтемейді.
- 8.5. Сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі Шартта көрсетілген мерзімде аяқталады.
- 8.6. Сақтандыру аумағы Қазақстан Республикасының аумағымен сөйкес, егер сақтандыру объектісінің сипатынан өзге жағдай туындамаса және Шартта көзделмесе.
- 8.7. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе 1 (бір) жылдан артық мерзімге сақтандыру кезінде Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы әр жыл үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасы ретінде белгіленеді.
- 8.8. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе тараптардың келісімі бойынша Шарт келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін, егер тараптардың бірі Шартты тоқтату күніне дейін осы туралы 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарласа.
- 8.9. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе, Шарт өз әрекетін Шартта Шарттың әрекетін тоқтататын күн деп аталған күні 00.00 сағаттан бастап, немесе Сақтандырушы Шарт бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жасаған кезде тоқтатады.
- 8.10. Егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе Шарт өз әрекетін бірінші орын алған жағдай бойынша сақтандыру төлемін орындалған кезден бастап тоқтатады.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушының ұсынған ақпаратын және құжаттарды, сонымен қатар Сақтанушымен Шарт талаптары мен ережелерін орындауды тексеруге;
- 2) Сақтандыру жағдайын зерттеуге қатысуға;
- 3) Сақтандыру жағдайының орын алу себептері мен мән-жайын өздігінен анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрату жіберуге;
- 4) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының дерегін, оның пайда болу мән-жайын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 5) Осы Ережелерде және/немесе Шартта көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жасаудан бас тартуға;
- 6) кез келген уақытта сақтандыру төуекелінің артуына ықпал ететін мән-жайлардың болуын тексеруге және инспекциялауға;
- 7) Сақтанушы Шарт ережелерін бұзған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 8) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау

мақсатында Шарт аясындағы ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жасауды тоқтатуға/бас тартуға;

- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға.

9.2. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға және оның талабымен осы Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) Сақтандыру жағдайы орын алғанда Шартта және/немесе осы Ережелерде белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;
- 3) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды онымен азайту үшін жасалған шығындарды өтеуге;
- 4) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 5) Сақтанушы сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда оларға құжаттардың жетіспеу дерегі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде хабарлауға;
- 6) Осы Ережелерде немесе Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.

9.3. Сақтанушы құқылы:

- 2) Сақтандырушыдан осы Ережелер мен Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін, сақтандыру жағдайларын түсіндіруді талап етуге;
- 3) Шартпен көзделген тәртіпте және жағдайда сақтандыру төлемін уақытылы жасауға;
- 4) Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) Сақтандыру тәуекелін сақтандыру төлемінің өзгеруіне шамалас өзгертуге;
- 6) Сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін орындаудан бас тартуына дау айтуға;
- 7) Сақтандыру құпиясына;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға.

9.4. Сақтанушы міндетті:

- 1) шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының шарт жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) Шартта көрсетілген сақтандыру объектісіне қатысты басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
- 3) шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 4) Шарттың әрекет ету кезеңінде Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар етуге;
- 5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталуы туралы сақтандыру жағдайы және/немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге;
- 6) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды болғызбау немесе азайту жөнінде шаралар қабылдауға;
- 7) Сақтандырушыға өзінде бар сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы бағалауға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беруге;
- 8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының өтуін қамтамасыз етуге;

- 9) Сақтандырушы сұратқан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 10) Осы Ережелерде немесе Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.
- 9.5. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, Тараптардың жекелеген құқықтары мен міндеттері осы Ережелердің басқа тармақтарында көзделген, Шартта/сақтандыру полисінде толықтырылуы/кеңейтілуі /өзгертілуі мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАНДА САҚТАНУШЫНЫҢ ЖАСАЙТЫН ӘРЕКЕТТЕРІ

- 10.1. Сақтанушы оған сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғандығы туралы белгілі болған кезден/болуы тиіс кезден бастап, міндетті:
- ✓ сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту үшін барлық мүмкін шараларды қолдану;
 - ✓ дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға. Егер Сақтанушының дәлелді себеппен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабарлау мүмкіндігі болмаса, Сақтанушы мұны құжатпен растауға тиіс;
 - ✓ болған оқиға туралы дереу хабарлауға және оқиғаға ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес оған наразылық білдіру үшін себеп болуы мүмкін оқиғаны қарау юрисдикциясына жататын құзыретті органдар мен ұйымдарда (ішкі істер органдары, ертке қарсы қызметтер, ТЖ жөніндегі органдар және т. б. құзыретті органдар мен ұйымдар) құжатты түрде тіркеуге;
 - ✓ сақтандыру өкіліне шығындарды азайту жөніндегі іс-шараларға кедергісіз қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
 - ✓ сақтандыру жағдайы басталуының себептері мен мән-жайларын анықтауда Сақтандырушының өкіліне жәрдемдесуге, оның ішінде Сақтандырушыға оған қол жетімді барлық ақпаратты және сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін құжаттаманы беруге;
 - ✓ үшінші тұлғалардан Сақтанушының сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алғаны туралы Сақтандырушыны дереу жазбаша хабардар етуге және егер сақтандыру төлемі осы кезде Сақтанушыға жасаған болса, алынған өтемақыны Сақтандырушыға сақтандыру төлемі шегінде беруге;
 - ✓ егер Сақтандырушы өз өкілін Сақтандырушының да, Сақтандырушының да мүдделерін қорғау үшін тағайындауды қажет деп санаса, сақтандыру жағдайының басталуына байланысты - Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға осындай мүдделерді қорғау үшін сенімхатты немесе өзге де қажетті құжаттарды беруге. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушының мүдделерін сотта білдіруге немесе өзге түрде Сақтанушыны құқықтық қорғауды жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;
 - ✓ дауды сотта реттеу кезінде сот шешім шығарғанға дейін Сақтандырушының тәуелсіз талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде іске кіру құқығына кедергі келтірмеуге, сондай-ақ сот алдында

Тәуелсіз талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде Сақтандырушыны сот ісіне тарту туралы өтініш жасауға;

- ✓ сот талқылауы басталғанға дейін, және талқылау барысында Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған қандай да бір іс-әрекеттер жасамауға, сақтандыру объектісіне қатысты қаралатын істің мәні бойынша өтініштер жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға, төлемдер жасамауға және Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

11.1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының түріне байланысты сақтандыру төлемін жасау туралы өтініш пен келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- ✓ сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы өтініш;
- ✓ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес Клиентке тиісті тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін құжаттың көшірмесі;
- ✓ Сақтандыру шартының көшірмесі;
- ✓ сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын және оның басталу себептерін анықтауға мүмкіндік беретін құзыретті органдар мен ұйымдар жасаған құжаттар;
- ✓ келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға Сақтандырушының кері талап қою құқығын ұсыну үшін қажетті құжаттарды;
- ✓ егер сақтандыру жағдайының дерегі бойынша қылмыстық процесті жүргізетін органдармен (бұдан өрі – Органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық істі қозғау туралы, қозғаудан бас тарту, тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға не тиісті сұрау салуды өз бетінше мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы;
- ✓ сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындардың алдын алу немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарды растайтын құжаттар;
- ✓ келтірілген зиянның мөлшерін растайтын немесе Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуынан Сақтанушыға келтірілген залалды анықтауға мүмкіндік беретін құжаттар.

Осы құжаттар тізбесі толық болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім шығару немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті қосымша құжаттарды талап ету құқығын өзіне қалдырады.

11.2. Сақтандыру төлемін жасауды талап еткенде Сақтанушы құжаттай келесіні дәлелдеуге міндетті:

- ✓ Сақтандыру жағдайының орын алу дерегін;
- ✓ Шығынның мөлшерін.

11.3. Ұсынылған құжаттарды жасау тәртібі мен нысаны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс, егер олар үшін көзделген болса. Егер шартта өзге жағдай көзделмесе, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқада не нотариалды куәландырған немесе түпнұсқа мәрмен куәландырылған және құзыретті ұйымның уәкілетті адамы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.

- 11.4. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпаратқа ие қузыретті органдардан (ішкі істер органдарынан, ерт қадағалау органдарынан, апаттық-техникалық қызметтерден, газ желісінің апаттық қызметтерінен), кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.
- 11.5. Қажет болған кезде оқиғаның басталу себептерін және Сақтандырушының тапсырмасы бойынша шығын мөлшерін анықтау жөніндегі жұмысты тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, апаттық Комиссарлар және/немесе аджастар орындауы мүмкін.
- 11.6. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.
- 11.7. Сақтанушы осы Ережеде көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕЖЕСІ

- 12.1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ құжаттардың толық тізбесін ұсынғаннан кейін сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы мәселені қарайды.
- 12.2. Сақтандырушы мәлімделген оқиғаны шарт бойынша сақтандыру жағдайы деп таныған кезде Сақтандырушы Сақтанушының пайдасына Шартта келісілген сақтандыру төлемін (залалын) жасайды.
- 12.3. Егер залал шарттың қолданылу мерзімі ішінде келтірілсе және шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылатын тәуекелмен себепті байланысы болса, Шартта көзделген төлем жасалады.
- 12.4. Шарт бойынша төлемдердің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жасалады.
- 12.5. Егер Сақтанушы үшінші тұлғалардан залал үшін өтем алған болса, Сақтанушы сақтандыру шарттары бойынша төленуге тиісті сома мен үшінші тұлғалардан алынған сома арасындағы айырма мөлшерінде жауапты болады.
- 12.6. Сақтанушы Сақтанушыға келтірілген залалды өтеу мақсатында Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз болашақ сақтандыру төлемдері есебіне жүргізген төлемдерді Сақтандырушы мойындамайды.
- 12.7. Егер заңнамада белгіленген талап қию мерзімі ішінде Сақтанушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын мән-жай анықталса, Сақтанушы сақтандыру төлемінің алынған сомасын Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.
- 12.8. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты залалды азайту немесе болдырмау жөніндегі шығыстарды, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, Сақтандырушы өтеуге тиіс, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе. Бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы шартта белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Көрсетілген шығыстарды Сақтандырушы тікелей шеккен адамға өтейді.
- 12.9. Шарттың талаптары бойынша сақтандыру төлемінің сомасына мыналар енгізілуі мүмкін:
 - ✓ Мән-жайларды және Сақтанушы кінәсінің дәрежесін алдын ала анықтау бойынша мақсатты шығындар;
 - ✓ Сақтандыру жағдайы бойынша сот органдарында істі жүргізу бойынша шығындар.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТARTY ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ

- 13.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасау туралы немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешімді оның басталу себептерін, сақтандыру жағдайының басталуын және алушының сақтандыру төлеміне құқығын растайтын құжаттардың толық тізбесін ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды, егер шартта өзге жағдай тікелей айтылмаса. Бұл ретте мәлімделген сақтандыру оқиғасы бойынша қосымша құжаттарды және/немесе мәліметтерді алу қажет болған жағдайда шешім қабылдау мерзімі тоқтатыла тұруы мүмкін; мәлімделген сақтандыру оқиғасының мән-жайлары туралы ақпаратпен айналысатын басқа ұйымдарға жүгіну қажет болған жағдайда; сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында жүзеге асырылады.
- 13.2. Сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған кезден бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтанушыға бас тарту себептерін уәжді түрде негіздей отырып, жазбаша нысанда хабарлайды, егер шартта өзге жағдай көзделмесе.

14. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

- 14.1. Қосарлы (көптік) сақтандыру – бір сақтандыру объектісін бірнеше Сақтандырушыда әрқайсымен жеке шарттар бойынша сақтандыру.
- 14.2. Сақтанушы Сақтандырушыны Сақтандырушыда сақтандырылған объектілерге қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасасқан барлық сақтандыру шарттары туралы ақпараттандыруға міндетті.
- 14.3. Қосарлы сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасасқан Шарттың аясында жауапкершілік артады, алайда Сақтанушымен барлық сақтандырушыдан алған сақтандыру төлемінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс. Бұл ретте Сақтанушы кез келген Сақтандырушыдан онымен жасасқан Шартта көзделген сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемесе, Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.
- 14.4. Келтірілген залал басқа сақтандырушылармен өтелгендіктен сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жасаудан босатылған Сақтандырушы Сақтанушыға жасалған шығындарды шегере отырып сақтандыру сыйлықақыларының сәйкес бөлігін қайтаруға міндетті.

15. СУБРОГАЦИЯ

- 15.1. Сақтандыру төлемін жасаған Сақтандырушыға Сақтанушыда сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы төленген сома шегінде ауысады. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға оған ауысқан құқықты қолдану үшін қажетті барлық деректерді хабарлауға және барлық құжаттар мен дәлелдерді ұсынуға міндетті.

- 15.2. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығынан бас тартса, немесе бұл құқықты Сақтанушы кінәсінен пайдалану мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе сәйкес бөлігінен босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16. ШАРТҚА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

- 16.1. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың өзара келісімі арқылы, тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жасалады.
- 16.2. Тараптардың бірінен өтініш алған кезден бастап шешім қабылдағанға дейін Шарт бұрынғы жағдайда өрекет етеді.
- 16.3. Осы Ережелерге сәйкес шартқа жасалатын өзгерістер мен толықтырулар Шартқа қосымша келісім жасау және қол қою жолымен рәсімделеді.
- 16.4. Шартқа жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша рәсімделіп, оған екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күшіне ие болады.

17. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 17.1. Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген Шартты мерзімінен тоқтату негіздерінен басқа Шарт келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) Сақтандырушы бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жасаса, егер Шартпен өзге жағдай көзделмесе;
 - 2) Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде кезекті сақтандыру жарнасын төлемегенде;
 - 3) Шарттың өрекет ету мерзімі аяқталғанда;
 - 4) Сақтанушы бастамасымен Шарттан бас тартылса;
 - 5) Сақтандырушы бастамасымен Шарттан бас тартылса;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Шартпен белгіленген жағдайларда.
- 17.2. Аталған жағдайда Шарт Шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген жағдай туындаған кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі, ол туралы мүдделі тарап басқа тарапты шұғыл хабардар етуі тиіс, сақтанушы осы тармақта көзделген бұзу негіздері бойынша растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 17.3. Шартты осы Ережелердің 17.1-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылмайды, егер Шартта өзге жағдай көзделмесе.
- 17.4. Шартты осы Ережелердің 17.1-тармағының 5) – 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылады: мөлшері сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 30 % құрайтын істі жүргізу үшін жұмсалған шығындарды шегере отырып, өтпеген сақтандыру мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бөлігі Сақтандырушыға Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Шартта өзге жағдай көзделмесе. Шартпен шартты тоқтатудың өзге тәртібі, мерзімі мен жағдайы белгіленуі мүмкін.

- 17.5. Шартты мерзімінен бұрын бұзу Сақтандырушының кінәсінен оның ережелерін орындамаудан туындаса, соңғы аталған Сақтанушыға онымен төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толықтай қайтаруға міндетті.

18. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 18.1. Сақтандыру төлемін уақытылы жасамаған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 353-бабымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 18.2. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті орындамаған тарап міндеттемені орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін мүлдіктік жауапкершілік артпайды, егер тиісті орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының, яғни аталған ырық бермейтін күш жағдайларының салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе.
- 18.3. Форс-мажорлық жағдайлар келесіден тұрады, бірақ онымен шектелмейді: сұрапыл апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі, топырақтың шөгуі, көшкін, таудың құлауы, тастың құлауы, қар көшкіні, салдік нөсер көшкіні), соғыс немесе кез келген сипаттағы әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары. Форс-мажорлық жағдайлардың нақты тізімі Шартта көзделуі мүмкін.
- 18.4. Форс-мажорлық жағдайдың әсеріндегі тарап осындай жағдайлардың орын алғаны туралы басқа тарапқа 3 (үш) жұмыс күн ішінде хабарлауға міндетті, егер Шартта өзге жағдай көзделмесе.
- 18.5. Форс-мажорлық жағдайлардың әсері құзыретті органдардың сәйкес құжаттарымен расталуы тиіс.
- 18.6. Осы бөлімде көзделген тараптардың жауапкершілігі Шарт ережелеріне сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

19. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

- 19.1. Шарттан туындайтын немесе онымен байланысты кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.
- 19.2. Тараптар келісімге келе алмаған жағдайда даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте реттеуге жатады.
- 19.3. Шартпен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, дауларды шешудің өзге тәртібі көзделуі мүмкін.

20. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 20.1. Осы Ережелердің негізінде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін түрлі сақтандыру тәуекелдерінің жинағымен және өзге сақтандыру ережелерімен сақтандыру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.
- 20.2. Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімі бойынша осы Ережелердің негізінде осы Ережелердің және ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін, сонымен қатар Шартты жасасу кезінде анықталатын қосымша шарттарды көздейтін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
- 20.3. Осы Ережелердегі және Шарттың мәтініне кірмеген ережелер тараптар үшін міндетті болады, егер аталған ереже Шартта тікелей айтылса.

- 20.4. Шарттың мазмұны осы Ережелерге сәйкес болмаған жағдайда Шарттың күші басым болады.
- 20.5. Тараптармен Шартты жасасу және орындау кезінде алынған, соның ішінде құқықтық қорғалмайтын ақпарат, сонымен қатар коммерциялық құпия деп қаралатын деректер үшінші тұлғаларға басқа тараптың келісімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана ашылуы мүмкін.
- 20.6. Егер Шартта Сақтанушының жағдайын заңнамалық актілерде көзделген жағдайлармен салыстырғанда нашарлататын жағдайлар болса, онда Қазақстан Республикасының осы заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайлар әрекет етеді.
- 20.7. Осы Ережелермен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.

Келісім парағы

	Лауазымы	ТАӨ	Қолы	Күні
Келісілді	Басқарма Төрағасы	Усенов Т.К.		
Келісілді	Басқарма мүшесі - Бас есепші	Капитаненко В.В.		
Келісілді	Басқарма мүшесі – Заң департаментінің директоры	Секерова Ю.Е.		
Келісілді	Заң департаменті директорының орынбасары	Ақбергенов А.И.		
Келісілді	Шығындарды реттеу бөлімінің бастығы	Демиденко О.А.		
Келісілді	Тәуекел-менеджер	Журавлева Е.В.		
Келісілді	Комплаенс-бақылаушы	Қойшыбайұлы Қ.		
Келісілді	Ішкі аудит қызметінің төрағасы	Галеев В.В.		
Келісілді	Андеррайтинг департаментінің директоры	Кенджеева Д.Ю.		
Өзірленді	Сақтандыру департаментінің директоры	Ермекбай С.М.		

